ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 18 ақпан дело №7119-25-00-2/15266 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі В.Г.Лозовских, А.Токанова.
жауапкер А.Қ.Сапарбаева.
аудармашы К.Габдужапар

<u>СИПАТТАУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылдың 19 ақпанда «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында № 629 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер автоматтық бактериологиялық талдауыш үшін құты және бума жеткізу туралы міндеттеме алған. Жауапкер шарт бойынша жалпы сомасы 3 776 572 теңгеге техникалық

ерекшелікке сай тауарды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 14 қарашада талап қоюшы жауапкерге 399 168 теңге көлемінде тауарды жеткізуге өтінім жолдаған.

Жауапкер техникалық ерекшеліктерге сай тауарды 2025 жылғы 30 қарашаға дейін жеткізбеген.

Тараптар арасында 2025 жылғы 24 желтоқсанда шарт біржақты бұзылған.

2025 жылдың 21 шілдеде «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева (өнім беруші) арасында № 1550 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 120 дана антисептикалық спрей жеткізу туралы міндеттеме алған. Жауапкер шарт бойынша жалпы сомасы 189 600 теңгеге техникалық ерекшелікке сай тауарды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 11 қарашада талап қоюшы жауапкерге 189 600 теңге көлемінде тауарды жеткізуге өтінім жолдаған.

2025 жылғы 25 қарашасында жауапкер техникалық ерекшеліктерге сай келмейтін тауарды жеткізген, бірақ тауар қабылданбауына байланысты сәйкессіздік актісі толтырылған.

Тараптар арасында 2025 жылғы 22 желтоқсанда шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, және олардан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді.

Жауапкер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі шартта көрсетілген тауар талап қоюшыға жеткізілгендігін ескерді, атап айтқанда тараптар арасында мүлік қайырымдылығы атты шарт жасалынып, қайтарымсыз берілді. Бүгінгі күні шарт талаптары орындалғандығын көрсетті. Осыған байланысты қанағаттандырудан бас тартуын сұрады.

Жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева талап қою арызымен келіспеді, атап айтқанда мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танудан бас тартуын сұрады, себебі мемлекетте жоқ тауарды талап қоюшы талап етіп отыр.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№ 1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026
Дата вступления в законную силу: 18.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026
7119-25-3-1/15643

шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 3.1-тармағы 1)-тармақшасына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева бойынша техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізілмеген, шарт талаптары толығымен орындалмаған. Осыған байланысты тараптар арасында 2025 жылғы 22 желтоқсанда шарт біржақты бұзылған.

Ескеретін жайт, жауапкер өз уәждерінде талап қоюшы республикада өндірілмейтін тауарға тапсырыс бергендігін көрсетеді, алайда сот бұл уәжін негізге алмайды, себебі жауапкер қандай тауар жеткізу керек екендігін біле тұра ~~шарт жасасқан. Алайда жауапкер техникалық ерекшелікте көрсетілген~~ тауарды жеткізуге ниет білдірмеген.

Істің мұндай жағдайында, жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады.

Ал жауапкер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша талап қою арызы қанағаттандыруға жатпайды.

Электрондық азаматтық іске тіркелген дәлелдемелер негізінде шартта көрсетліген тауар тапсырыс берушіге жеткізілген, ол мүлік қайырымдылығы атты шарт жасалынған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі шарт біржақты бұзылғанымен, жауапкер көрсетілген тауарды жеткізгендігін көрсетті. Осылайша тапсырыс берушінің шартта меңзеген талабы толығымен орындалғандығын көруге болады.

Талап қоюшымен шарт талаптары дер кезінде орындалмау салдарынан оған кері әсерін тигізгендігі туралы дәлелді құжаттарды сотқа ұсынбады.

Істің мұндай жағдайында, жауапкер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандыруға жатпайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаевадан мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026

Дата вступления в законную силу: 18.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026

7119-25-3-1/15643

орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева бойынша тұрақсыздық айыбы 2 654 теңгені құрайды.

Есепке байланысты тұрақсыздық айыбы келесіні құрайды:

189600 теңге (шарттың соммасы) х 0,1% тұрақсыздық айыбы = 189 тенге 6 тиын (әр күн үшін) х 14 күн кешіктіру = 2 654 теңге. Есеп дұрыс жасалған.

Ал жауапкер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандыруға жатпайды. Себебі сот отырысында тұрақсыздық айыбы төленгендігі анықталды, ол туралы сотқа түбіртектерді ұсынды.

Сондықтан, талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылып, жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаевадан шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына 2 654 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаевадан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026
Дата вступления в законную силу: 18.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026
7119-25-3-1/15643

пайдасына 2 654 (екі мың алты жүз елу төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 80 (сексен) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «АЙДАНА» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Айдана Қайратқызы Сапарбаевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Виста Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026

Дата вступления в законную силу: 18.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026

7119-25-3-1/15643